

«Келісілді»
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м. а.
Л. Кездикбаева
« » 2023 ж.



«Бекітемін»
«Риддер колледжі»
КМҚК директоры
С. Асқаров
« » 2023 ж.



ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының 2-3 курс студенттері арасында «Металл өңдеу құзыреттері бойынша» (дәнекерлеу жұмыстары) Studentskills кәсіптік шеберлік жобалары облыстық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

ШҚО, Риддер қ., 2023 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының 2-3 курс студенттері арасында «Металл өңдеу құзыреттері бойынша» Studentskills кәсіптік шеберлік жобалары облыстық конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) өткізілуін, мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, қорытындылау және жеңімпаздарын марапаттауды айқындайды.

1.2. Конкурса қатысу үшін колледждер қолмен Электр доғалық дәнекерлеуде және жартылай автоматты дәнекерлеуде жұмыстарды орындау дағдылары бар студенттерді, сондай-ақ конкурсты өткізу барысын бақылаушы ретінде өз өкілін жібереді.

1.3. Қатысушылардың жас шектеулері 20 жастан аспайды.

1.4. Конкурстың келесі номинациялары бойынша жеңімпаздары көзделеді: «Металл өңдеу құзыреттері бойынша» - 1, 2, 3 орын.

2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты - студенттердің кәсіби даярлығының деңгейі мен сапасын және олардың мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін айқындау; неғұрлым қабілетті студенттерді анықтау, олардың одан әрі кәсіби өсуіне, табысты жұмысқа орналасуына жәрдемдесу; потенциалдық жұмыс берушілермен байланысты кеңейту, қоғам алдында кәсіптік білім беру мекемелерінің оң имиджін қалыптастыру.

2.2. Міндеттері - кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің потенциалын ашу; ғылыми-практикалық қызмет саласындағы өзекті мәселелерді шешу кезінде педагогтердің тиімді кәсіби өзара байланысы үшін ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

3. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

3.1. Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті) ШҚО кәсіптік білім беру орталығының өкілдерінен, «Риддер колледжі» КМҚК өкілшілік және оқытушылары тобынан құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті конкурстық құжаттаманы әзірлейді, практикалық тапсырмаларды айқындайды, «Ықтимал қателіктер мен бұзушылықтардың тізбесін» жасайды, жіберілген бұзушылықтар үшін балдарды айқындайды, конкурса қатысушылардың жұмыс орындарын ұйымдастырады, қатысушылар үшін қажетті материалдар мен жабдықтарды бөледі, қазылар алқасын, конкурсты өткізу бағдарламасын бекітеді.

3.3. Жұмыс орындарын ұйымдастыру комитетінің өкілдері дайындайды, қауіпсіздік техникасы мен өнеркәсіптік санитария талаптарына сәйкес жарақтандырылады, құрылғылардың, аспаптардың және дәнекерлеу материалдарының жиынтығы болады.

3.4. Конкурса қатысушылар практикалық тапсырманың мазмұнымен тікелей конкурс алдында танысады.

3.5. Конкурса қатысушыларды ұйымдастыру комитетінің келісімінсіз ауыстыруға жол берілмейді.



3.6. Ұйымдастыру комитеті конкурстың фото және бейнетүсірілімін, ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

4. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Конкурс өткізу мерзімі: **2023 жылғы 27 сәуір, сағат 8:00-ден бастап 17:00-ге дейін**. Өтетін орны - «Риддер колледжі» КМҚК (ШҚО, Риддер к., Абай даңғылы, 65).

5. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

5.1. Шығыс Қазақстан облысының әрбір техникалық және кәсіптік білім беру ұйымынан 2-3 курс студенттерінен 2 адамнан артық емес.

5.2. «Қазмырыш» ЖШС-нің екі маманы қазылар алқасының мүшелері ретінде тартылады.

6. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Конкурсқа қатысуға өтінімдер ұйымдастыру комитетіне атына Конкурс басталғанға дейін **5 күн бұрын кешіктірілмей** жіберіледі (өтінім нысаны қоса беріледі):

Е-mail: ratk_ridder@mail.ru

факс: +7 (72336) 5 56 15

7. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Конкурс өтетін орынға студенттер **сағат 9:00-де**, «Риддер колледжі» КМҚК **№410 кабинетіне**, Құзыреттер орталығының оқу слесарлық-механикалық зертханасына келу қажет. Өзімен бірге арнайы жұмыс киімін, қорғаныс құралдарын, дәнекерлеу қалқанын, крагаларды алып келуге рұқсат етіледі.

7.2. Қатысушылар конкурсқа келгеннен кейін тіркеледі, конкурстың күн тәртібімен танысады, практикалық тапсырманы өткізу туралы анығырақ біледі, қауіпсіздік техникасы бойынша (жұмыс орнында) нұсқаулықтан өтеді.

7.3. Қатысушылардың реттік нөмірі жеребемен анықталады. Жеребені Ұйымдастыру комитетінің өкілдері конкурсанттардың қатысуымен өткізеді.

7.4. Әрбір қатысушы екі тапсырмадан орындайды.

7.5. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

- қолмен істейтін доғалық дәнекерлеумен бақылау түйіспесін дәнекерлеу-металл профилі 20 * 20 мм, электрод 3 мм;

- қолмен істейтін жартылай автоматты дәнекерлеу, ағыны бар 0,8 мм сым, инертті емес газ-металл профилі 20*20 мм.

7.6. Дәнекерлеудің бақылау нормативтік уақытына дайындық операцияларын орындау уақыты кірмейді (материалдарды, жабдықтарды және т. б. дайындау);

7.7. Дайындық операциялары 10 минутпен шектеледі.

7.8. Байқау тапсырмасын орындамас бұрын әрбір қатысушы дәнекерлеу жабдықтарымен танысуға және сынамалық дәнекерлеуді орындауға мүмкіндік алады.



7.9. Практикалық тапсырманың жалпы бағасы көрсеткіштердің бес тобының бағаларынан тұрады (максимум-100 балл):

- **Жұмыс орнын дайындағаны үшін-10 ұпай.** Бұл бағалаудан «Ықтимал қателер мен бұзушылықтар тізіміне» сәйкес қателіктер мен олқылықтар үшін айыппұл ұпайлары шегеріледі;

- **Технологиялық реттілікті сақтағаны үшін-40 ұпай.** «Ықтимал қателер мен бұзушылықтар тізіміне» сәйкес қателіктер мен олқылықтар үшін айыппұл ұпайлары осы бағалаудан алынады;

- **Орындалған бөлік, сыртқы тексеру бойынша біріктірілген сапасы үшін-40 ұпай.** Бұл бағалаудан рұқсат етілген сыртқы ақаулар үшін айыппұл ұпайлары шегеріледі (кесулер, ағындар, күйіктер, жарықтар, балқымаған кратерлер және т.б.);

- **Практикалық тапсырманы орындауға көзделген уақыт нормативін сақтағаны үшін - 20 ұпай.** Бұл бағалаудан нормативтік уақыттан асқан әрбір минут үшін 1 ұпай шегеріледі немесе нормативтік уақыт қысқарған әрбір минут үшін 1 ұпай қосылады.

7.10. Байқауға қатысушылар практикалық тапсырмаға жұмыс орындарының санына қарай кіріседі. Кейінгі қатысушылар жұмыс орындарын босатқан кезде өз жұмыстарын бастайды.

7.11. Хронометраж дәнекерлеу доғасы тұтанған сәттен бастап дәнекерлеу процесі толық аяқталғанға дейін жүргізіледі. Дәнекерлеуден кейін дәнекерленген қосылысты бүріккіштерден, шлактардан және тотықты пленкалардан тазарту сынақ мерзіміне кірмейді.

7.12. Бір тапсырманы орындаудың нормативтік уақыты 20 минуттан аспайды.

7.13. Ауыр зардап салдарынан немесе апатқа әкелуі мүмкін практикалық тапсырманы немесе қауіпсіздік ережелерін орындау технологиясын бұзуға жол берген қатысушы қазылар алқасының шешімі бойынша дисквалификациялануы және конкурстан шығарылуы мүмкін.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

8.1. Турлардың нәтижелері қорытынды шығару кестесінде көрсетіледі (2-қосымша).

8.2. Байқау қорытындысын қазылар алқасының төрағасы жариялайды.

8.3. Байқау қорытындысын қазылар алқасы шығарады, оның құрамы «Қазмырыш» ЖШС-нің екі өкілінен құралады.

8.4. Байқау қазылар алқасын Ұйымдастыру комитеті тағайындаған байқау төрағасы басқарады.

8.5. Қазылар алқасының мүшелеріне жұмыс бөлмесі, кеңсе керек-жарақтары, есептеу және көбейту техникасы беріледі.

8.6. Ең көп ұпай жинаған қатысушы конкурстың жеңімпазы болып танылады.

8.7. Ұпайлар тең болған жағдайда, айыппұл ұпайларының ең аз саны бар қатысушы жеңімпаз атанады.

8.8. Қорытындылау кезіндегі даулы мәселелер қазылар алқасының көпшілік дауысымен шешіледі. Дауыстар тең болған кезде қазылар алқасының төрағасы шешуші дауысқа ие болады.



8.9 Конкурс жеңімпаздарын, жүлдегерлерін марапаттау үшін әрбір әдіс бойынша үш жүлделі орын белгіленеді:

- 1-ші орын алған қатысушыға «Металл өңдеу құзыреттілігі бойынша» «Үздік маман» атағы беріледі;

- 2-ші орын алған қатысушыға «Металл өңдеу құзыреттілігі бойынша» «Үздік маман» атағы беріледі;

- 3-ші орын алған қатысушыға «Металл өңдеу құзыреттілігі бойынша» «Үздік маман» атағы беріледі.

8.10 1, 2, 3 орын алған байқау жүлдегерлеріне дипломдар, қалған барлық қатысушыларға алғыс хаттар табысталады. Қосымша ақпарат: Симонова Людмила Валерьевна, Риддер колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, телефоны: 8 777 315 88 23.



1 Қосымша
Нысан

Конкурсқа қатысу үшін өтінім
(кәсіпорын атауы)

№	Байқауға қатысушының ТАӘ	Туған күні, жылы	Лауазымы
1			
2			
3			
4			

№	Сарапшының ТАӘ	Туған күні, жылы	Лауазымы
1			
2			

Кәсіпорын басшысы _____
М. П.

2 қосымша
Нысан

Конкурс қорытындысы

Тапсырма нөмері				
№ р/с	Жұмыс орны	Технологиялық реттілік	Бұйымның сапас	Уақыт нормативін сақтауы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				